

ӘОЖ 94

**ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ
ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Сайлаубаев Азамат

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4-курс студенті
Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Жапекова Г.К.

4234

Кеңестік дәуірде елімізде орын алған мәдени процестердің барлығы идеология бақылаудың болса да, Ілияс Омаров ұлтымыздыңғасырлар бойына сақталған мәдени мұрасын аса зор құрметпен қараған азаматтардың бірі.

Өзінің барлық саналы қызметінде ұлттық-мәдени мұраларымыздың игерілмей жатқан тұстарына, жаңғыртуды қажет ететін бағыттарына ғалымдардың, өнертанушылар және қоғам қайраткерлерінің назарын аударып отырды. Ол өзінің естелігінде: «Мен өзінің туған халқының мәдениетін құрметтейтін адамдар тобына жатамын. Халық бар жерде мәдениет бар. Қоғамда мәдениетке деген көзқарастың қалыптасуы мәдениеттің өркендеуіне, гүлденуіне әкеледі...», - дейді. Осыған орай байқағанымыз І.Омаров қазақ әдебиетінің дамуына, оның өркендеп қанат жаюына зор көңіл бөліп, оны ерекше дәріптей білді.

Қазақстанның жазба әдебиетін І.Омаров ХІХ ғ. екінші жартысынан, Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов шығармашылығынан бастайды. Ол 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойын өткізуге белсене араласып, оны ұйымдастырушылардың бірі болды. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Қайраткер романды барлық қырынан қарастырып, оның мәнін ашады да: «Абай» - мәнісінде тарихи роман. Ондағы үлкенді-кішілі образдар арқылы көрінетін нөпір адамдар дүниесі халық өмірін барлық дәстүр-дәуренімен, әдет-ғұрпымен, қазақтардың бұдан да аз ғана уақыт бұрынғы көшпелі тұрмысының барлық романтикасымен түп-түгел көз алдына елестетеді. Эпопеяның ең бір үлкен құнды жері – осы белгі сипаттаудың барлығы күрес үстінде көрсетіледі», [1] - деп тоқталып, М.Әуезовтің өзіне тікелей мынадай пікір айтады: «Дорогой Мухтар! Не так уж много у нас казахов, которые играют важную роль на сцене жизни, чтобы быть вознагражденными вниманием прозорливого ока истории. А за теми, кто заслуженно оспаривает это право, народ пристально следит. Следовательно он всегода в орбите зрения народа, как актер на сцене. Если учесть Ваше шествие по материкам вместе с «Абаем», зрачки зрителей в Вас устремлены со всех окраин нашей страны и со всех концов трудовой земли...» [2].

Қазақ әдебиетінің дамуына 1946 жылғы БК(б)П Орталық комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы тарихи қаулысы зор ықпал етті. Бұл қаулыны талқылау кезінде қазақ жазушылар мен әдебиеттанушыларының ғылыми еңбектері және және шығармаларында жіберілген «қателіктері» сынға ұшырады. Қазақстанның КП(б) ОК партияның қабылданған қаулысының негізінде 1947 жылы 21 қаңтарда «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси қателіктер» туралы шешімі бұл саланың айтарлықтай алға басуын байқатты. Ақын-жазушылар қазіргі заманғы өмірдегі шынайы процестерге байланысты шығармаларын жазды. Мұндай шығармалардың қатарына С.Мұқановтың «Сырдария» романы, Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» повесі, ақындар Қ.Аманжолв, Ә.Сәрсенбаев, Т.Молдағалиевтердің жазған өлеңдері жатады. Бұл шығармаларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы колхоз шаруаларының еңбектері арқау болған еді. Бұл жылдары М.Әуезовтің «Абай» романының екінші кітабы жарық көріп, ол революцияға дейінгі қазақ ауылдарындағы таптық күресінің тарихи шындығын, қазақ халқының көрнекті өкілдеріне орыс мәдениетінің ықпалын дұрыс көрсететін шығарма ретінде жоғары бағаға ие болды.

І.Омаров 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында жауапты партиялық лауазымды қызметтер атқара жүріп, ұлттық әдебиет пен өнердің халықтың өмірін толыққанды бейнелеуге, өнер иелерінің шығармашылық шеберлігін шындалуына мүмкіндігінше игі әсерін тигізіп отырды. Сонымен бірге, өзінің өнер жайындағы түсінігін танытып, оның жаңадан шыққан өкілдеріне жанашырлық білдіріп, сол арқылы әдебиет, өнер қызметкерлерінің зор құрметіне ие болып отырды.

Қазақ жазушылары үшін Мәскеу қаласында өткен қазақ кеңестік әдебиетінің декадасы күллі кеңестік республика халықтарының алдында өткен ұлттық әдебиеттің таныстырылым көрмесі ретінде танылды. Он күндік барысында Қазақстанның көптеген ақын-жазушыларының өнеріне оң баға беріліп, сын пікірлер де айтылды. Ұлттық әдебиеттің

барлық жанрларының дамуының арқасында бұл кезең қазақ әдебиетінің өрлеу дәуірі болып саналады. Дегенмен, қазақ әдебиетінің дамуын байқаған Қазақстан КП(б) ОК жоғарыда айтылған қаулыға сәйкес «Қазақ кеңестік әдебиетінің одан әрі дамуы туралы» қайлы қабылдайды. Бұл қаулыда қазақ ақын-жазушыларының қалам тартқан тақырыптары туралы «Қазіргі заманғы тақырыптарға арналып жазылған шығармалар, өздерінің идеялық-шығармашылық көзқарастары негізінде өте әлсіз болып келеді, оларда қазақ ауылының жаңа түрге енуі, кеңестік билік тұсындағы республиканың экономикасы мен мәдениетінің дамуы жайлы жеткіліксіз баяндалады...» - делінген болатын [3].

1949 жылдың аяғында Қазақстан Жазушылар Одағының IV пленумының ашылуында М.Әуезов қазақ әдебиетінің соңғы жылдарындағы табыстары мен алдағы міндеттеріне арнайы тоқталса, Қазақстан К(б)П ОК хатшысы Ілияс Омаров «Өскен әдебиетке үлкен сын керек» - деген тақырыпта мазмұнды сөз сөйлейді.

1955-1959 жылдары Солтүстік Қазақстан Облыстық комитетінде идеология жөніндегі хатшысы қызметін атқара жүріп әдебиет сынымен шұғылданған. Мәскеудегі Партия мектебінен оқудан қайтқан кезде, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің және Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мер тер» романдары, Б.Момышұлының әскери прозасы, З.Қабдоловтің «Өмір ұшқыны» повесі туралы жайлы жазған мақалалары оның шығармашылық шабытының кешенді кезеңін басынан өткізген болатын. Сонымен қатар, ол өзінің ұстазы Бекет Өтетілеуов пен ақын Сараның әдеби мұрасы жайында да пікірлер айтқан болатын. Аталған еңбектерінің барлығын топтастырып, 1961 жылы «Әдебиет жайлы ойлар» атты сын еңбегін жариялайды [4]. Ілияс Омаровтың бұл кітапта айтылған ойлары, пікірлері қазақ әдебиеті сынының жаңа бетбұрыс жасап, әдебиетті ұғыну өресінің биіктігімен көзге түсті. Жалпы сыншының алдына қойған мақсаты жайында І.Омаров: «Сыншы дегеніміз – әдебиет майданының қайраткері, ...әдебиет тағдырына ылғи жаны ашып отыру – міне нағыз сыншының абзал қасиеті осы болуы керек. ...ол өзінің орны жағынан, судьяға ұқсауы керек, мұндағы айырма – «тергелетін» шығарма тек жазалау тұрғысынан ғана қаралмай, жақсы болса, жақсылығын айтып, керек десеніз тіпті мақтау тұрғысынан да қаралуға тиіс. Демек, сыншы өз үкімін өте ойланып, сақтықпен шығаруы керек. Ол өзін қызба, жеңілтек ойдан аулақ ұстап, жақсы мен жай нәрсе арасын дәл ажыратып, әділ сараптай білуге тиіс. ...Белинскийдің «ақылды адам қашан да, не нәрсе болса да талғаммен қарайды, сол талғауы оның алып-қашпа қызу сезімін біраз салмақтандырады, салқындатады» дегенін әрқашан еске ұстайтын байыпты адам; сондықтан да ол яғни, дұрыс тұжырымға келіп отыруға тиіс», - деген пікір айтады [5].

І.Омаров қазақтың ақын-жазушылары қоғамдағы болып жатқан құбылыстар мен халықтың өмірін байланыстырып көрсеткенін қалап, көп ретте жазушылар ауыл шаруашылығы салаларының дамуын қарастыра отырып, олардың шығармашылық әлеуеті шектеліп қалатынын баса көрсетеді. Себебі, идеологиялық ықпалмен ол барлық салаға араласа отырып, әдебиет жанрын халықтың сана-сезіміне ықпал ететін қару ретінде таныған болатын: «Литература должна поднять проблемные вопросы, причем общественные проблемы. Изучить психологию, не упрощать, а усложнять. Захватить читателей всех вопросов и профессий. Положительный герой – не ангел, но и не пророчен. Не давать героев, как анкету, а раскрывать во всем протяжении произведения его действиями, диалогами. Очеловечить современность, осмыслить по судьбам людей. Через людей к современности, а не через современность к людям. Люди создают современность. Не надо штамповать. Мускулы народа должны быть мускулами нашей литературы, ум народа – умом нашей литературы, дерзание народа – дерзанием нашей литературы (душой нашей литературы) [6].

Жалпы алғанда, І.Омаровтың әдебиет саласының дамуын мұндай жағдайда қарастыруы, халқының рухани дамуына шын мәнінде жаны ашитын азаматтың ойынан ғана туындайтын жағдай болып отыр. Сонымен қатар, Ілияс Омаров қазақ әдебиетінің жаңа сатыларға көтерілуіне орыс классиктері шығармаларының өзіндік әсері болғанын байқайды. Соғыстан кейінгі жылдары орыс және әлем әдебиеті классиктерінің еңбектері қазақ тіліне аударылды. Олардың қатарында Пушкин, Некрасов, Горький, Низами, Фадеев, Твардовский,

Толстой мен Тургеневтің шығармалары жатады. Орыс классиктерін оқи отырып, қайраткер өзінің туындаған ойларын қағаз бетіне түсіріп отырады да, «Одной из приятных особенностей русской литературы заключается в том, что во многих ее произведениях образы наделены весьма сильной русской национальной чертой и национальным характером, которое в свою очередь пересиливают классовую ограниченность. Конечно, революция готовилась объективными условиями, но когда рассматриваем субъективные факторы ее осуществления, ни в коем случае нельзя сбрасывать со счета эту великую черту народа», - деген пікірін тұжырымдайды [6; 160].

Кез келген ұлттың өмірінде немесе өнерінің өркендеуінде әдебиеттің орасан зор ықпал ететінін байқауға болады. Әдебиет саласы мен өнер өзара қатар қарастыратын егіз, әрі бірін-бірі толықтырып отыратын құбылыс. Қазақтың кәсіби өнеріне қазақтың әдеби шығармашылығының ықпалы орасан зор. «Ілияс Омаров үшін мәдениет ұғымы клуб, кітапхана, театр, кино ғана емес, саяси-әлеуметтік ұланғайыр құбылнамалық мәселе, тіпті философиялық түсінік», - [7] деп Ерлан арын айтқанының мәні зор. Өйткені, Ілияс Омаров жоғары мәдениетті, ой-өрісі кең адам. Әдебиет, өнер, философия, экономика, музыка, театралдық қызмет ғылым мен техника саласындағы жаңа нәтижелердің барлығына қамқор, жанашыр ілтипаттылық көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Омаров І. Халықтық эпопея //Қазақ әдебиеті 1958, 22 тамыз.
2. Омаров И. Дорогой Мухтар //Таңшолпан 2001, №1.
3. Омаров И. За дальнейший расцвет искусства Казахстана //Большевик Казахстана 1949, №17. С.16-23.
4. Омаров І. Әдебиет жайлы ойлар: мақалалар жинағы. Алматы, 1961. – 202 б.
5. Омаров І. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. – 282 б.
6. Записи из блокнота //Таңшолпан 2001, №1. С.151-166.
7. Арын Е. Киелі құстың құпиясы. //Қазақ әдебиеті 2000, 14 қаңтар.